

Құрметті Гүлжан Жанпейісқызы!

Құрметті депутаттар!

«2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы Бюджет кодексіне енгізілген түзетулерді ескере отырып, осы Кодекске, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасының орта мерзімді перспективасына сәйкес әзірленді және де Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында берген тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Сіздің қарауыңызға ұсынылып отырған Бюджет жобасы әлеуметтік-экономикалық даму болжамының базалық сценарийі мен Қазақстан Республикасының 2014 – 2018 жылдарға арналған бюджеттік параметрлері мынадай макрокөрсеткіштерге негізделген.

Негізгі сыртқы жағдайлар 2014 – 2018 жылдары әлемдік экономиканың баяу, бірақ 3,8%-дан 4,3% қарқынмен үдемелі өсуін болжайды.

Мұнайдың бағасы, соңғы бес жылдағы орташа бағаны ескере отырып, бағалау бойынша **90 АҚШ доллары** деңгейінде белгіленді.

Мыс бағаларынан басқа, металл бағалары елеусіз ғана өседі деп болжануда. Бұдан басқа, алтынның әлемдік бағасы 2012 жылы қалыптасқан елеусіз төмендеу трендін жалғастырады деп күтіліп отыр.

Әлемдік экономика мен шикізат тауарларына сұраныстың баяу қалпына келуі жағдайларында, орта мерзімді кезеңде экономиканың өсуі, индустриялық-инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялар көлемінің ұлғаюы, Қашаған кен орнында мұнай өндірудің басталуы және халық тұтынуының өсуі есебінен қамтамасыз етілетін болады. Белгіленген кезең ішіндегі ішкі сұраныс орташа есеппен 7,5% қарқынмен өсетін болады.

Номиналды Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) **2014 жылы 38,6 трлн. теңгеден 2018 жылы 65,9 трлн. теңгеге** дейін өседі. **2014 жылы** жан басына шаққандағы ЖІӨ **14,6 мың АҚШ долларын** құрайды және 2018 жылға қарай **24 мың АҚШ долларына** дейін өседі.

2014 – 2018 жылдары экономиканың нақты өсуі **6,0 - 7,1%** деңгейінде болжануда.

Өнеркәсіп Жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) 2,7%-дан 6,0%-ға дейінгі қарқынмен өсетін болады. Мұнай және газ министрлігінің болжамдары бойынша мұнай өндіру көлемі 2014 жылы 83,0 млн. тоннаны құрайды, ол кейіннен 2018 жылы 110,0 млн. тоннаға дейін ұлғаяды.

Қызметтер көрсету саласы жедел қарқынмен дамитын болады. Сауданың өсуі 9,8%-ды, көлік және байланыс қызметтері орташа есеппен 7,0%-ды құрайды.

Бағалау бойынша **тауарлар экспорты** құндық мәнінде 2014 жылы, мұнайдың анағұрлым төмен болжанған бағасы есебінен алдыңғы кезеңге қатысты 4,2%-ға төмендейді. 2015 жылдан бастап мұнай экспортының нақты көлемінің күтіліп

отырған ұлғаюы нәтижесінде орташа есеппен 8,7 % қарқынмен өседі деп күтілуде.

Экономикадағы күтіліп отырған тұтынушылық және инвестициялық сұраныс тауарлар импортының 2014 жылы **58,6 млрд.** доллардан 2018 жылы **93 млрд.** долларға дейін ұлғаюына ықпал ететін болады.

2014 – 2018 жылдары жылдық **инфляция деңгейі 6,0-8,0% шегінде** болады.

Үкімет монетарлық, фискалдық, сондай-ақ құрылымдық саясаттар құралдарын тиімді қолдану арқылы бұрын берілген теңгерімделген және сапалы экономикалық өсу саясатын жүргізу бағытын қамтамасыз етуге ниетті.

Мұндай тәсіл макроэкономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету шараларымен қатар 2014 – 2018 жылдарға арналған болжамданған макроэкономикалық параметрлерге жетуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Енді 2014 – 2016 жылдарға арналған негізгі республикалық бюджет параметрлері туралы

2014 жылға арналған **түсімдер 5 773,0 млрд.теңге** көлемінде немесе ағымдағы жылмен салыстырғанда **10,4 %** өсумен, оның ішінде кірістер (трансферттер түсімдерін есепке алмағанда) **4 016,4 млрд.теңге** сомасында қарастырылады, бұл 2013 жылдың бағалауынан **427,1 млрд.теңгеге** артық.

2015 және 2016 жылдары кірістер түсімдерінің (трансферттерді есепке алмағанда) ұлғаюы алдыңғы жылдың

деңгейіне қарағанда, тиісінше, **555,7 және 636,8 млрд.теңгеде** жоспарлануда.

2014 жылғы республикалық бюджет кірістерінде (трансферттер түсімдерін есепке алмағанда) салық түсімдері неғұрлым үлкен үлес салмақты (98,1 %) алып отыр.

Мұнай емес секторға қатысты 2014 жылға арналған **корпоративтік табыс салығы** (КТС) бойынша болжам жалпы қосылған құнның болжанатын көлеміне негізделген және **1 337,5 млрд.теңге** сомасында есептелді. 2013 жылғы атқарылуды бағалауға қатысты салық түсімдерінің өсу қарқыны 116,7 % құрайды.

2014 жылға арналған болжамда салықтық әкімшілендіруді жақсарту есебінен **26,9 млрд.теңге** сомасында КТС түсімдерінің ұлғаюы көзделген.

2015 жылға арналған КТС түсімдерінің болжанып отырған көлемі – 1 539,8 млрд.теңгені, 2016 жылға – 1 755,6 млрд.теңгені құрайды.

Қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша болжам 2014 жылға **1 352,2 млрд.теңге** сомасында есептелді, бұл 2013 жылғы атқарылуды бағалауға қатысты 110,5 % құрайды. 2014 жылға арналған болжамда салықтық әкімшілендіруді жақсарту есебінен **28,3 млрд.теңге** сомасында ҚҚС түсімдерін ұлғайту көзделген.

2015 жылға арналған ҚҚС болжамды сомасы тұтастай алғанда **1 623,3 млрд. теңгені**, 2016 жылға – **1 995,6 млрд.теңгені** құрайды.

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын акциздер бойынша 2014 жылға

арналған болжам **50,2 млрд.теңге** сомасында немесе 2013 жылғы бағалауға қарағанда 51,0 %-ға өсумен айқындалған. Алкоголь өнімдері мен темекі бұйымдарына акциздер мөлшерлемелерін 2 есе арттыру есебінен 15,5 млрд.теңгеге ұлғаю көзделуде.

Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер бойынша, тұтастай алғанда, 2014 жылға арналған болжам **210,1 млрд.теңге** сомасында немесе 2013 жылғы түсімдерді бағалауға қатысты 7,0 %-ға өсумен айқындалды. 2015 жылға арналған болжам **234,3 млрд.теңге** және 2016 жылға – **256,8 млрд.теңге** сомасында белгіленді.

Халықаралық сауда және сыртқы операцияларға салынатын салықтар бойынша 2014 жылға арналған болжам **962,2 млрд.теңге** сомасында белгіленді, 2013 жылдың бағалауына қатысты 108,8% құрайды. 2015 жылға арналған болжам **1 000,6 млрд. теңге**, 2016 жылға – **1 010,2 млрд.теңге** сомасында белгіленді. Болжамдар Кеден одағы жағдайында кедендік төлемдерді бөлу тетігінің қолданылуын, мұнайға Экспорттық кедендік баж (ЭКБ) тоннасына 60 АҚШ доллары мөлшерлемесі бойынша өндіріп алуларды ескере отырып, импорт пен экспорттың болжанатын көлемдеріне, АҚШ долларына шаққанда теңгенің бағамына сәйкес айқындалған.

Салықтық емес түсімдер бойынша 2014 жылға арналған болжам **62,1 млрд.теңге** сомасында белгіленді, 2013 жылғы бағалауға қатысты 86,9 % құрайды *(2014 – 2016 жылдардың болжамдарында есепке алынбаған 2013 жылы нақтыланған кезінде қосымша Бас прокуратура шешімдері бойынша айыпқұл көзделген).*

2014 жылғы болжамның салықтық емес түсімдері құрылымында неғұрлым көп үлес салмақ мыналарға келеді:

- «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемнің түсімдері – 28,3 %;

- мемлекеттік меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне арналған дивидендтер – 17,1 %.

2015 жылға арналған болжам **63,8 млрд.теңгені**, 2016 жылға – **66,5 млрд.теңгені** құрайды.

Түсімдердің түрлері бойынша ағымдағы жылдың бағалауымен салыстырғандағы бюджеттің кіріс бөлігінің егжей-тегжейлі сипаттамасы Сіздердің материалдарыңызда бар, түсіндірме жазбада ұсынылған және біз қажет болған жағдайда жұмыс топтары мен комитеттердің отырыстарында оларды толықтай қарастырамыз.

Құрметті депутаттар!

«2014 – 2016 жылдарға арналған Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферт туралы» Заң жобасына сәйкес, 2014 – 2016 жылдары, 2013 жылғы деңгейде республикалық бюджетке жыл сайын **1 380 млрд. теңге** сомасында кепілдік берілген трансферт тарту жоспарлануда.

Кепілдік берілген трансферт мөлшері Мемлекет басшысы мақұлдаған фискалдық реттеу құралдарын ескере отырып айқындалды және 2014 – 2016 жылдарға Ұлттық қордағы қаражаттың азайтылмайтын қалдығының **ЖІӨ-нің 30 %-нан кем емес** қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді.

Мұнай емес сектордан түсетін салықтардың болжанатын түсімдерін есепке ала отырып, Ұлттық қор қаражатын 2014 жылы **95 млрд. доллардан** 2016 жылы **123,3 млрд.**

долларға (ЖІӨ-ге қатысты 37,5%) **дейін ұлғайту** ағымдағы жылдың бағалауынан болжануда.

2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында 2011 – 2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер туралы заңды қолданудың мерзімінің аяқталуына байланысты әзірленген **«2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы» Заң жобасында** айқындалған субвенциялар мен алып қоюлардың көлемдері ескерілген.

Бюджеттік **алып қоюлар** 2014 жылы – 144,3 млрд. теңге, 2015 жылы – 195,5 млрд. теңге, 2016 жылы 264,2 млрд. теңге көлемінде айқындалған.

Бюджеттік **субвенциялар**: 2014 жылы – 980,7 млрд. теңге; 2015 жылы – 907,7 млрд. теңге; 2016 жылы 839,9 млрд. теңге көлемінде айқындалған.

2014 – 2016 жылдарға арналған субвенциялар мен алып қоюлардың көлемдері Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеулер әдістемесіне сәйкес есептелген.

Үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу:

- жергілікті бюджеттердің кірістері болжамын (Салық кодексіне енгізілген өзгерістерді ескере отырып);

- өңірлердегі бюджеттік қызмет көрсетулерді алушылар санын, демографиялық құрамды, халықтың орналасу тығыздығын, климаттық жағдайларды, көліктің қолжетімділігін және сол немесе басқа өңірдің ерекшелігін айқындайтын басқа да факторларды

негізге ала отырып, жергілікті бюджеттер шығыстарының болжамын ескерумен жүргізілді.

Ағымдағы шығындар (жалақыны қоспағанда), алдыңғы жылдардағыдай, инфляцияның болжанатын 7 % деңгейіне индекстелген.

Астана қаласы (1,5) мен Алматы қаласы (1,25) үшін **жоғарғы коэффициенттер** сақталған.

Күрделі жөндеу шығындарының болжамы мен алдағы үш жылдық кезеңге арналған материалдық-техникалық базаны нығайту ағымдағы шығындар көлемінің болжамынан 6,5 % мөлшерінде белгіленген.

Сонымен қатар 2014 – 2016 жылдарға арналған субвенциялар мен алып қоюларды айқындау кезінде **бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру** бойынша бірқатар **жаңалықтар** көзделген.

Жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасына сәйкес әкімдердің қаржылық дербестігі мен жауапкершілігін арттыру мақсатында жергілікті бюджеттер шығыстарының базасына бұрын республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылған, оның ішінде 2014 жылы 215,7 млрд. теңге, 2015 жылы 214,0 млрд. теңге, 2016 жылы 220,4 млрд. теңге сомасындағы тұрақты сипаттағы шығындар берілген.

Қаражаттың басқа мақсаттарға жұмсалыуына және жекелеген салалардың толық қаржыландырылмауына жол бермеу үшін заң жобасында жергілікті бюджеттен оларды қаржыландырудың ең төменгі көлемдері де айқындалған.

Бұл ретте 2013 жылғы жергілікті бюджеттер шығыстарының бастапқы базасынан амбулаториялық – емханалық көмек шығындары алынып тасталды, олар кейіннен республикалық орташа деңгейге дейін толықтырылып, республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түрінде берілетін болады.

Сондай-ақ, жергілікті бюджеттер шығындарын есептеу кезінде алдыңғы жылдарда ескерілмеген жаңа шығыстар қосымша енгізілді. Олардың ішінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын стационарлық және амбулаториялық – емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын күрделі жөндеу және материалдық – техникалық жарықтандыруды жүзеге асыру үшін шығыстар ескерілген.

Алдыңғы жылдары ескерілмеген жергілікті бюджеттер кірістерінен 2 % мөлшерінде қосымша **Жергілікті атқарушы орган (ЖАО) резерві** көзделіп отыр.

Халық саны мен жалпы өңірлік өнім өсімін ескере отырып, өңірлердің даму бюджетінің мөлшері ұлғайтылды *(2014 жылы 2013 жылғы болжаммен салыстырғанда, 111,5 млрд. теңгеге)*. Даму бюджетінде 16 млрд. теңге көлемінде ынталандырушы құрамдауыш көзделген. Әрбір өңір үшін сома жергілікті бюджетке түсетін салық түсімдерін ұлғайту мен тұрақты жұмыс орындарын құру көрсеткіштері бойынша әкімдердің 2011 – 2013 жылдарғы жұмысын рейтингтік бағалау негізінде айқындалған.

Бюджет шығыстарының негізгі басымдықтары мен бағыттары республиканың 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму бағдарларын және Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында берген тапсырмаларын, сондай-ақ «Қазақстан-2050: қалыптасқан

мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын негізге ала отырып айқындалған.

2014 жылға арналған республикалық бюджет шығыстары ағымдағы жылдың деңгейіне қатысты 10,1 % өсумен **6 715,4 млрд. теңге** көлемде, 2015 жылы - ағымдағы жылдың деңгейіне қатысты 7,7 % өсумен **7 234,2 млрд. теңге** көлемде, 2016 жылы - ағымдағы жылдың деңгейіне қатысты **9,0 %** өсумен **7 887,2 млрд. теңге** көлемде жоспарлануда.

Бюджеттің шығыс бөлігінде мемлекет қабылдаған міндеттемелер мен мемлекеттік басқару функцияларын орындауды қамтамасыз етуге бағытталған **ағымдағы бюджеттік бағдарламалар** 2013 жылы **408,3 млрд.теңгеге** (2013 жылғы жалпы шығыстар мөлшеріне үлесі – 82,8 %; 2014 жылғы үлесі – 81,3%) өсумен **5 трлн. 460 млрд. теңге** (ЖІӨ-ге қатысты 14,1%) көлемінде айқындалған.

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған **даму бағдарламалары 208,1 млрд. теңгеге** өсумен **1 трлн. 256 млрд. теңге** сомасында жоспарланып отыр. Республикалық бюджеттегі даму бюджеті 18,7 % (2013 жылғы үлесі – 17,2 %) құрайды.

Республикалық бюджеттің ағымдағы шығыстарының негізгі өсу факторы оның әлеуметтік бағдарлануы болып табылады.

Әлеуметтік шығыстар үлесі жалпы көлемде 2014 жылы **39,8%** (2015 жылы – 39,8%, 2016 жылы – 38,6%) немесе **2,7 трлн. теңге** (2013 жылғы үлесі – 40,1 % азаюы нысаналы трансферттерді жалпы сипаттағы трансферттерге берілуіне байланысты) құрайды.

Енді бюджет жобасы шығыстарының негізгі бағыттарына тоқталып кетуге рұқсат етіңіздер.

Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек

Бұл саладағы республикалық бюджеттің шығыстары 3 жылдық кезеңде **4 878,2 млрд. теңге**, оның ішінде 2014 жылы ағымдағы жылы **115 млрд. теңгеге** немесе 8,4% өсумен **1 485,8 млрд. теңге** сомасында жоспарлануда.

Осы шығыстардың басым бөлігі (92,2%) зейнеткерлер мен жәрдемақы алушыларға әлеуметтік төлемдер төлеуге жұмсалады, бұл мақсаттарға 3 жылдық бюджетте **4 499,4 млрд. теңге**, оның ішінде 2014 жылы **1 357,8 млрд. теңге** көзделеді, бұл ағымдағы жылмен салыстырғанда **121,2 млрд. теңгеге** немесе 9,8%-ға артық.

Негізінен, 2014 жылы шығыстардың өсуі төлемдерді алушылар санының 2013 жылмен салыстырғанда шамамен 47 мың адамға өсуімен және зейнетақы төлемдерін инфляция деңгейін 2%-ға ілгерілей, базалық зейнетақы төлемі мен жәрдемақыларды инфляция деңгейіне индекстеумен байланысты.

Алдағы кезеңде Үкіметтің Жұмыспен қамту 2020 жол картасы аясында жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуды ұйымдастыруға жәрдемдесу саласындағы жұмысы жалғасын табады.

Жол картасын іске асыруға 3 жылдық бюджетте **288,6 млрд. теңге**, оның ішінде 2014 жылы **98,3 млрд. теңге** жұмсау жоспарлануда (2013 жылы – 104,9 млрд. теңге).

Бұл шығыстар жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мен еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға қайта оқыту, кәсіпкерлікті дамытуға және инфрақұрылымдық жобаларда жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу арқылы халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға бағытталған.

Болжамдар бойынша Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны 2014 жылы 117 мыңнан астам адамды құрайды, оның ішінде:

- кәсіптік оқытуға, әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасына 81 мыңнан астам адам жіберілетін болады;

- кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесумен 12 мыңнан астам адам қамтылатын болады;

- даму әлеуеті төмен елді мекендерден шамамен 2 мыңдай адам көшірілетін болады;

- инфрақұрылымдық жобаларда шамамен 22 мың адам жұмысқа орналастырылатын болады.

Ағымдағы міндеттемелерді уақтылы және толық орындауды қамтамасыз етумен қатар, Үкіметке бірқатар жаңа міндеттемелер жүктеледі, олар:

- Мемлекет басшысының Қазақстан халқына зейнетақы реформасы бойынша 2013 жылғы 7 маусымдағы Жолдауында берген тапсырмасын орындау үшін бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау.

2014-2016 жылдарға арналған бюджетте жыл сайын шамамен 150 мыңдай әйелге міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау шығыстары жалпы сомасы **30,7 млрд. теңгені**, оның ішінде 2014 жылы **8,8 млрд. теңгені** құрайды.

- еңбекке ынталандыруды арттыру және мұнымен қоса аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қолдауды күшейту мақсатында Өрлеу жобасы аясында үш пилоттық өңірде (Ақмола, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында) келісілген қаржылай көмекті енгізу.

Бұл мақсаттарға 2014 және 2015 жылдарға арналған бюджетте **3,2 млрд. теңге**, оның ішінде 2014 жылы **1,5 млрд. теңге** көзделген.

- Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру, оны қаржыландыруға 2014-2016 жылдары **2,8 млрд. теңге**, оның ішінде 2014 жылы **858 млн. теңге** талап етіледі.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде жергілікті бюджеттердің базасына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетулер саласындағы, жаңадан іске қосылатын әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін ұстауға, сондай-ақ оралмандарды бейімдеу және біріктіру орталықтарын, оралмандарды уақытша орналастыру орталықтарын ұстау мен материалдық-техникалық жарақтандыруға жыл сайын 1,9 млрд. теңгеден 2014 – 2016 жылдарға жалпы сомасы **5,7 млрд. теңге** шығыстар берілді.

Білім беру. 2014 – 2016 жылдары білім және ғылымға арналған шығыстар **1 242,3 млрд. теңгені** құрайды, оның ішінде 2014 жылы – **384,9 млрд. теңге**, ол 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда 33 млрд. теңгеге төмен.

Осы бюджет шығыстарының төмендеуі 9 бюджеттік бағдарламалар бойынша жалпы сомасы 104,3 млрд. теңге көлеміндегі нысаналы трансферттерді, оның ішінде 2014 жылы – 32,9 млрд. теңге, жергілікті бюджет базасына беруімен негізделген.

Бюджетте көзделген қаражат шеңберінде Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғастырылады, аталған мақсатқа **230,6 млрд. теңге**, оның ішінде 2014 жылы – **59,6 млрд. теңге** бағыттау жоспарланып отыр.

Бұл ретте, мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстардың негізгі үлесі мыналарға бағытталады:

- **19,3 млрд. теңге** сомасында 3 ауысымды және апаттық мектептер мәселесін шешу мақсатында мектептер, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары құрылысына. Бұл ретте, 2014 жылы 57 мектепті іске қосу жоспарлануда, бұл өз кезегінде 12 мектептегі үш ауысымды оқытуды жоюға, апаттық жағдайдағы 14 мектеп мәселесін шешуге және 31 мектепте орын тапшылығын жоюға мүмкіндік береді *(сонымен қатар, 63 үш ауысымды, 72 апаттық жағдайдағы мектептер және 47 орын тапшылығы бар мектептер әлі де қосымша шешімді қажет етеді)*.

- **10,3 млрд. теңге** сомасында электрондық оқытуды одан әрі 362 орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында енгізуге;

Бұдан басқа, 63 орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды одан әрі сынамалау жалғастырылатын болады.

2014 жылы осы жобаны іске асыруға **11,2 млрд. теңге** бағыттауға болжанады.

Сондай-ақ, «Балапан» бағдарламасын іске асыру жалғастырылатын болады. Мәселен, 2014 жылы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жолымен **37,2 млрд. теңге** сомасында 196,8 мың баланы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жоспарланып отыр, сондай-ақ жалпы сомасы **9,6 млрд. теңгеге** 32 балабақша салынады. 2016 жылы республикалық және жергілікті бюджет есебінен барлығы 152 446 бала мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етіледі немесе 3-6 жастағы балалардың

жалпы санының 80,2 % мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылады.

Бұдан басқа, білім және ғылым жүйесін дамытудағы бюджет шығыстарын жұмсау кезінде мыналар негізгі басымдылықтар болып табылады:

Біріншіден, ғылым және ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыру – **36,6 млрд. теңге**, осы қаражат есебінен 71 ғылыми жобаны бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды, 2025 ғылыми жобаны гранттық қаржыландыруды, 11 000 жобаға мемлекеттік сараптама өткізуді, 94 ғылыми ұйымды базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету жүзеге асыру жоспарланады.

Екіншіден, Қазақстанның жоғары оқу орындарында, «Назарбаев Университет» ДБҰ-да, сондай-ақ шетел жоғары оқу орындарында жоғары білікті мамандарды даярлауға – **132 млрд. теңге** немесе ағымдағы жылдың көрсеткішінен 8 млрд. теңгеге жоғары. Осы шығыстар жоғары және жоғары білімнен кейінгі біліммен ұлттық және жалпы жоғары оқу орындарында 115 551 студентті қамтамасыз етуге, Назарбаев Университетіне 1 433 студентті қабылдауды жүзеге асыруға, сондай-ақ 2 300 студенті шетел жоғары оқу орындарына жіберуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, дарынды балаларды оқытуға – **24,3 млрд. теңге**, оның ішінде дарынды балаларға арналған республикалық мектеп интернаттарында - 4,0 млрд. теңге, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде - 20,3 млрд. теңге. Осы шығыстар 9 республикалық мектеп интернаттарында 3 747 дарынды балаларды және 20 Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 10 469 балаларды оқытуға мүмкіндік береді.

- өзге де іс-шаралар (педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, білім беру жүйесін әдіснамалық қамтамасыз ету, күрделі шығыстар, Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту және т.б.).

Сонымен бірге, білім беру саласындағы қабылданған міндеттемелерден басқа 2015 жылдан бастап мыналар жоспарлануда:

- жетім және ата анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алған Қазақстан азаматтарына жыл сайын 424 млн. теңге бөліне отырып 810 млн. теңге сомасында 75 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде біржолғы ақша қаражатын төлеуді енгізуге.

- сапалы білім алу үшін тең мүмкіндік беретін «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі» бағдарламасын іске асыру - 1,1 млрд. теңге, оның ішінде 2015 жылы – 340 млн. теңге, 2016 жылы – 735 млн. теңге.

Жоғарыда аталған шығыстар жетім балаларды асырап алған 5 246 азаматты ынталандыруға және 48 250 білім беру жинақтары салымдары бойынша сыйақы төлеуге мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау. 2014-2016 жылдары денсаулық сақтау жүйесінің шығыстары **2 020 млрд. теңгені** құрайды, оның ішінде 2014 жылы – **635,8 млрд. теңге** немесе ағымдағы жылға **116 млрд. теңгеге** (оның ішінде 117,3 млрд. теңге, жергілікті бюджет базасынан амбулаториялық-емханалық көмекке арналған тарифті теңестіруге көтеріледі) өсумен.

Осы қаражат «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 2014 - 2015 жылдар **169,1 млрд. теңге** бағытталады, оның ішінде 2014 жылы – **77,4 млрд. теңге**.

Сондай-ақ, Қазақстанда онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасын іске асыруға 2014 – 2016 жылдары бағдарламасын жалпы сомасы **77,4 млрд. теңге**, оның ішінде 2014 жылы – **21 млрд. теңге** көзделген.

Осылайша, азаматтарды тегін медициналық көмектің кепілдендірілген қамтамасыз ету жалғастырылуда. Бұл ретте, қаржыландыруды 2013 жылы 14,6 млрд. теңгеден 2014 жылы 30,1 млрд. теңгеге ұлғайту жолымен стационарды алмастыратын технологияларды дамытуға баса назар аударылып отыр.

Жалпы, отандық денсаулық сақтауды дамыту жалғасуда, оның ішінде «Денсаулық сақтау жүйесін реформалау», «Бірыңғай денсаулық сақтау ақпараттық жүйесі», «100 аурухана» және «350 Дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт және емханалар» атты жобаларды қаржыландыру, жоғары мамандандырылған медициналық көмекті дамыту, атап айтқанда бірегей операциялар жасау жалғасуда.

Бұған дейін атап өтілгендей, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемімен қамтамасыз етудегі теңсіздікті жою және халыққа медициналық қызмет көрсетулердің ең төменгі көлемін амбулаторлық деңгейде әділ бөлу мақсатында 2013 жылғы жергілікті бюджет шығыстарының бастапқы базасынан амбулаторлық-емханалық көмектің шығындары алып тасталды (*117,3 млрд. теңге*), олар кейіннен республикалық орташа деңгейге дейін толтырылып нысаналы ағымдағы трансферттер түрінде жергілікті бюджеттерге беріледі (*2014 жылы - 139,4 млрд. теңге, 2015 жылы - 156,7 млрд. теңге, 2016 жылы - 155,7 млрд. теңге*).

Мәдениет және ақпарат

Мәдениет және ақпарат саласында үш жылдық кезеңге арналған шығыстар **191,5 млрд. теңгені** құрады, оның ішінде

2014 жылы – **64,6 млрд. теңгені** немесе ағымдағы жылға қарағанда **6,7 млрд. теңгеге** өсті.

Осы шығыстарды 2014 жылы мынадай іс-шараларды іске асыруға жұмсау көзделіп отыр:

мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу – **39,9 млрд. теңге** немесе 2013 жылға қарағанда 4,6 млрд. теңгеге өсті *(баспа масс-медиаалар үшін баспалардың 1 жолының тарифінің 240-тан 288-ге дейін өсуіне байланысты газеттер, журналдар және электрондық БАҚ арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша шығыстар ұлғайды, сондай-ақ «Қазақстан» РТРК АҚ арқылы облыстық 14 теле арнаны және «Қазспорт» телеарнасын тарату бойынша шығыстар көзделген);*

мәдениет ұйымдарының қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету *(театр-концерт ұйымдары, мұражайлар, мұражай-қорықтар, кітапханалар мен мұрағаттар)* – **13 млрд. теңге** немесе 2013 жылға қарағанда 3,7 млрд. теңгеге өсті. *Шығыстардың ұлғаюы жаңа мәдениет объектілерін «Астана Опера» Театрының және ҚР Ұлттық мұражайының ашылуына байланысты;*

ұлттық фильмдерді шығару – **3,5 млрд. теңге** 2013 жылға арналған шығыстар деңгейінде;

әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шараларды өткізу – **2,4 млрд. теңге** немесе 2013 жылға қарағанда 1,0 млрд. теңгеге өсті. *Шығындардың өсуі классикалық би балеті бойынша 630 млн. теңгеге қызмет көрсетумен және 400 млн. теңгеге АҚШ және Франция елдерінде Қазақстан мәдениет күндерін өткізумен байланысты;*

әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін басып шығару – **1,2 млрд. теңге;**

мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту – **1,2 млрд. теңге;**

өзге де шығыстар *(ҚР Мәдениет ақпараттық министрлігі (МММ) оның комитеттерінің қызметін қамтамасыз ету, МММ және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру, мәдениет саласындағы қайраткерлерді ынталандыру, тарихи-мәдени мұра*

ескерткіштерін жаңғырту, салу, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресті насихаттау және т.б.) – **3,4 млрд. теңге.**

Дене шынықтыру және спорт

Дене шынықтыру және спорт саласында үш жылдық кезеңдегі шығыстар **134,3 млрд. теңгені** құрайды, оның ішінде 2014 жылға – **44,8 млрд. теңге** немесе ағымдағы жылға қарағанда **12,7 млрд. теңгеге** өсті.

Осы шығыстар 2014 жылы мынадай іс-шараларды іске асыруға бағытталады:

спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге – **3,1 млрд.теңге** немесе 2013 жылға қарағанда 155 млн.теңгеге өскен. *Шығыстардың өсуі оқушылар санының көбеюіне (колледждерге қабылдау – 200 оқушы, оның ішінде 120 оқушы школ-интернаттардың түлектерінен) байланысты тамақтану мен дәрі-дәрмектерге арналған шығыстардың ұлғаюына байланысты;*

бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін қолдау және дамытуға – **434 млн. теңге** немесе 2013 жылмен салыстырғанда 217 млн. теңгеге өскен. *Шығыстардың ұлғаюы 2014 жылы «Мүмкіндіктер спорты бойынша республикалық орталығы» РМҚК-ны құру – 118 млн.теңге; спортшыларды бұқаралық, мүгедектік және ұлттық түрлері бойынша дайындауға – 99 млн. теңге;*

жоғары жетістіктер спортын дамытуға - **14,6 млрд. теңге** немесе 2013 жылмен салыстырғанда 90 млн. теңгеге өскен. *Көрсетілген шығыстарды мынадай шараларға бағыттау ұсынылады: Қазақстанның 28 футболшысын Бразилия Федеративтік Республикасының «Оле Бразил Ф. К.» футбол академиясында оқыту – 88 млн. теңге; 4-халықаралық жарысқа қатысу – 777 млн. теңге (Сочи (Ресей) қаласында өтетін қысқы Олимпиада ойындары, Инчхон (Корея) қаласында өтетін 17-Азия ойындары, Пхукет (Тайланд) қаласында өтетін 4- жағажай Азия ойындары және Нанкин (ҚХР) қаласында өтетін жазғы жасөспірімдер Олимпиада ойындары);*

спорт объектілерінің құрылысына – **25,3 млрд. теңге** немесе 2013 жылмен салыстырғанда 15,0 млрд.теңгеге өскен, оның ішінде:

Ақмола облысы Щучинск қаласындағы шаңғы спортының республикалық базасының құрылысын аяқтауға **3,9 млрд.теңге**;

Алматы облысындағы олимпиадалық даярлаудың республикалық базасының құрылысын жалғастыруға – **3,0 млрд.теңге**;

Астана қаласындағы көп функционалды «Олимпиадалық даярлау орталығы» спорт кешенінің құрылысын жалғастыруға (сыртқы инженерлік желілерсіз) – **2,5 млрд.теңге**;

жаңа спорт объектілерінің құрылысына **15,5 млрд. теңге** көзделген, оның ішінде, еліміздің 6 өңірінде 15 дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салуға - **3,3 млрд. теңге** (2014 жылға арналған бюджеттік өтінім – 14 млрд. теңге) және Алматы қаласында Универсиада-2017-нің 2 объектісінің құрылысына (3000 және 12000 орындық мұз айдындары) – **12,2 млрд. теңге** (2014 жылға арналған бюджеттік өтінім – 14,207 млрд. теңге).

Тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және сумен қамтамасыз ету.

Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласында мынадай Бағдарламаларды іске асыруға қаражат көзделген:

- «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы бойынша үш жылдық кезеңге **460,3 млрд.теңге** жоспарланған, оның ішінде 2014 жылы - **19 млрд.теңгеге** өсумен **138 млрд.теңге**, оның ішінде тұрғын үй-құрылыс жинақтар жүйесі арқылы тұрғын үй сатып алуға - **26,9 млрд.теңге**, жалға берілетін тұрғын үй салуға - **9,5 млрд. теңгеге** өсумен **37 млрд.теңге** (Жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандар үшін – 3,1 млрд. теңгеге өсумен

20,6 млрд.теңге, жас отбасылар үшін – 6,4 млрд. теңгеге өсумен 16,4 млрд. теңге), «Қазақстандық ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ арқылы «Сатып алуымен жалға беру» тұрғын үйді салу - **8,7 млрд.теңге** және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамытуға – **19,1 млрд.теңгеге** өсумен **65,4 млрд.теңге**.

Қаражаттың осы көлемі бюджет қаражаты есебінен 3 040,5 мың шаршы метр, оның ішінде 2014 жылы 581,5 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға енгізуге (*кредиттік тұрғын үй – 172,1 мың шаршы метр, Жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған азаматтар үшін - 147,9 мың шаршы метр, жас отбасылар үшін –110,5 мың шаршы метр, «Қазақстандық ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ арқылы - 151 мың шаршы метр*) және 9 мың км инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, оның ішінде 2014 жылы 2,9 мың км;

- **тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы** бойынша үш жылдық кезеңге **55,8 млрд.теңге** жоспарланған, оның ішінде 2014 жылы - **8,3 млрд. теңгеге** өсумен **25 млрд. теңге** (*оның ішінде 210 млн.теңге жалпы сипаттағы трансферттерге берілді*), оның ішінде 850 көп пәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жүргізуге - **8 млрд.теңге**, жылумен, электрмен, газбен жабдықтауды дамытуға бағытталған ұзындығы 900 км жүйелерді жаңғыртуға - **15,1 млрд.теңге**.

- **«Ақ бұлақ» бағдарламасы** шеңберінде үш жылдық кезеңге **323,9 млрд.теңге**, оның ішінде 2014 жылы - **1 млрд.теңгеге** өсумен **104,9 млрд. теңге** жоспарланған, осы қаражат: ірі және шағын қалаларды сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің желісін 2 мың км реконструкциялауға - **1,7 млрд.теңгеге** өсумен **50,4 млрд.теңге**, ауылдық елді мекендердің желілерін 1,5 мың км реконструкциялауға жүйелерін жаңғыртуға **3,5 млрд.теңгеге**

өсумен - **37,9 млрд. теңге**, топтық су құбырларын салуға және реконструкциялауға – **10,2 млрд. теңге**, 480 ауылдық елді мекендердің жер асты су қорымен қамтамасыз ету үшін іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуге – **2,6 млрд. теңгеге** өсумен **6,4 млрд. теңге**.

Өңірлік даму.

Осы бағыт бойынша үшжылдық бюджет жобасында «Өңірлерді дамыту», «2012-2020 жылдары моноқалаларды дамыту» және «Бизнестің жол картасы-2020» сияқты бағдарламалар бойынша жалпы сомасы **253,7 млрд. теңге** шығыстар көзделген, оның ішінде 2014 жылы «Өңірлерді дамыту» бағдарламасына - 15 млрд. теңге, «2012 – 2020 жылдары моноқалаларды дамыту» бағдарламасына - 23,7 млрд. теңге және и Бизнестің жол картасы-2020 іске асыру үшін - 47,6 млрд. теңге, оның ішінде кәсіпкерлік әлеуетті сауықтыру және күшейтуге, өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға және инфрақұрылымды дамытуға қаражат көзделген.

Осы бағдарламалар шеңберінде үш жыл ішінде өңірлерде 49 жалғасатын және 120 астам жаңа бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылатын болады. Сондай-ақ, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша 10 мыңнан астам жобаның, оның ішінде нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылатын, бюджетке салық түсімдері көбейетін 3 мың жаңа жобаның пайыздық мөлшерлемелері субсидияланатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешені

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «**Агробизнес-2020**» салалық бағдарламасын іске асыруды жалғастыруға үш жылдық кезеңге **453,2 млрд. теңге** жоспарланған, оның ішінде 2014 жылға - 2013 жылға қарағанда **19,2 млрд.теңгеге** өсумен **155 млрд. теңге**.

Бұл ретте, **99,7 млрд. теңге** сомасындағы іс-шаралар жалпы сипаттағы трансферттер базасына енгізілген және жергілікті атқарушы органдар іске асыратын болады; **55,3 млрд. теңге** сомасындағы іс-шараларды Ауыл шаруашылығы министрлігі іске асыратын болады, сондай-ақ жалпы үйлестіруді, осы бағдарламаның көрсеткіштеріне қол жеткізуді мониторингілеуді қамтамасыз етеді.

99,7 млрд. теңге сомасындағы іс-шараларды мыналарға бағыттау жоспарланады:

- өсімдік шаруашылығын дамытуға – 2013 жылға қарағанда **29,8 млрд. теңгеге** өсумен **40,4 млрд. теңге**, оның ішінде жанар-жағар майдың құнын арзандатуға – 15,7 млрд. теңге, гербицидтерді және минералды тыңайтқыштардың құнын арзандатуға – 19,6 млрд. теңге;

- мал шаруашылығын дамытуға - **41,7 млрд. теңге**, ветеринариялық саланы дамытуға – **17,5 млрд. теңге**, оның ішінде эпизоотияға қарсы іс-шаралар өткізуге - **11,2 млрд. теңге**, ветеринарлық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға - **6,3 млрд. теңге**.

55,4 млрд. теңге сомасындағы іс-шараларды мыналарға бағытталады болады:

- өсімдік шаруашылығын дамытуға – 2013 жылға қарағанда 1 млрд. теңгеге өсумен **2 млрд. теңге**; фитосанитариялық қауіпсіздікке – 2013 жылға қарағанда 2,9 млрд. теңгеге өсумен **9,1 млрд. теңге**;

- ветеринариялық іс-шараларға – **16,5 млрд. теңге**, ғылым саласын дамытуға – **5,3 млрд. теңге**;

- ауылшаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық сауықтыруға – 2013 жылға қарағанда 11,1 млрд. теңгеге өсумен **14,7 млрд. теңге**;

- ауылшаруашылығы техникаларының лизинг мөлшерлемесін субсидиялауға – **6,6 млрд. теңге.**

Көлік және коммуникация

Көлік инфрақұрылымын дамытуға үш жылдық кезеңде 994,4 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы – 104,5 млрд. теңге сомасында Ұлттық қордан нысаналы трансфертті қоса алғанда 344 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр.

Осы қаражаттар есебінен «Батыс Еуропа – батыс Қытай», «Астана – Қарағанды – Балқаш – Қапшағай – Алматы» Орталық – Оңтүстік», «Астана – Павлодар – Семей – Қалбатау – Өскемен» Орталық – Шығыс», «Бейнеу – Ақтау – Түркіменстан шекарасы» жобаларын іске асыруға, республикалық маңызы бар жолдарын салуға, реконструкциялауға және жөндеуге және жергілікті маңызы бар авто жолдарды дамытуға, тұрақты ішкі әуе тасымалын субсидиялауға, өзен және су көліктерін дамытуға және т.б. іске асыру жалғасатын болады.

Осы қаражат республиканың 1 918 км автомобиль жолдарын жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді, оның ішінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасы бойынша 2014 жылы 262 км, 2015 жылы - 469 км, «Астана-Қарағанды-Балхаш-Қапшағай-Алматы» Орталық – Оңтүстік жобасы бойынша 2014 жылы - 80 км, 2015 жылы - 50 км, 2016 жылы - 299 км, «Астана-Павлодар-Семей-Қалбатау-Өскемен» Орталық – Шығыс» жобасы бойынша 2014 жылы - 60 км, 2015 жылы - 59 км, 2016 жылы - 102 км, «Бейнеу-Ақтау-Түркіменстан шекарасы» жобасы бойынша 2014 жылы - 134 км, 2015 жылы - 283 км, 2016 жылы - 120 км.

Жалпы, республикада жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын дамытуға елеулі назар бөлінеді. Бұрын басталған және іске асырылатын жобаларды аяқтауға 2014 – 2016 жылдары 30,7 млрд. теңге жоспарланып отыр, себебі оларды ұзаққа созу олардың қымбаттауына алып келуі мүмкін.

Жаңа жобаларға – 7,3 млрд. теңге көзделген.

Бұл ретте жергілікті жергілікті бюджет қаражатынан 40%-дан кем емес мөлшерде қоса қаржыландыру шарттары сақталатын болады.

2014 жылы «Астана қаласының жаңа көліктік жүйесі» 1-кезегі» жобасын іске асыру басталады, оған үш жылдық кезеңде 161 млрд. теңге, олардың 2014 жылы – 59 млрд. теңге, оның ішінде 30 млрд. теңге сыртқы қарыздар есебінен және 29 млрд. теңге республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен бағыттау жоспарланып отыр.

Жаңа көлік жүйесін енгізу қала тұрғындары мен қонақтарына қолайлылықтың заманауи талаптарына, жылдамдыққа, сенімділікке, қауіпсіздікке, және экологиялық тазалыққа жауап беретін қоғамдық көлік қызметтерін ұсынады, сондай-ақ EXPO-2017 Халықаралық көрмесін өткізуге дайындық шеңберінде Астана қаласының инфрақұрылымын жалпы дамытуға ықпал ететін болады.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту арқылы **«Жезқазған-Бейнеу» және «Арқалық-Шұбаркөл»** теміржол желісінің құрылысына үш жылдық кезеңге арналған бюджет жобасында 255,3 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы – 54,9 млрд. теңге көзделген. Олар 34,5 млрд. теңге «Жезқазған-Бейнеу» және 20 млрд. теңге «Арқалық-Шұбаркөл» құрылыстарына көзделген.

Ұзындығы 988 км «Жезқазған-Бейнеу» теміржол желісінің құрылысы жүк тасымалдау арақашықтығын 1 200 км қысқарта отырып, Қазақстанның Орталық өңірінен Қазақстанның Батыс өңірі Достық станциясына және одан әрі Еуропаға жүктерді тікелей шығаруға мүмкіндік береді. Тасымалдаудың күтілетін көлемі – жылына 21,3 млн. тонна және 10,8 мың адамға жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Ұзындығы 214 км «Арқалық-Шұбаркөл» теміржол желісінің құрылысы солтүстік бағытта тасымалдау арақашықтығын 537 км қысқарта отырып, Шұбаркөл кәмір кен орнына және оған жапсарлас кен орындарына кәлік қызметтерін көрсетуді қамтамасыз етеді. Тасымалдаудың күтілетін көлемі – жылына 14,9 млн. тонна, 2,2 мың адамға жұмыс орнын құру жоспарлануда.

2014 жылдан бастап жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі, орташа жөндеу және Алматы қ. метрополитенмен жолаушылар тасымалдауды субсидиялау үшін 2014 – 2016 жылдарға арналған жалпы сомасы 92,8 млрд. теңге шығыстар жергілікті бюджет базасына берілгенін атап өту қажет.

Ғарыш саласы

Ғарыш бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай жобаларды аяқтау үшін 2014 жылы **13,7 млрд. теңге** сомасында қаражат көзделген:

- Жерді қашықтықтан зондтаудың (ЖҚЗ) ғарыштық жерсерігі – 5,4 млрд. теңге;
- Құрастыру-сынау кешені (ҚСК) - 8,3 млрд. теңге.

2014 жылдан бастап жеке әзірленген құралдар үшін ғылыми зерттеулер жүргізуге және ұшу тарихын алуға бағытталған «ғылыми техникалық мақсаттағы ғарыштық жүйені құру» жаңа жобасын іске асыру басталады. Үш жылдың бюджетте жобаны іске асыруға 6,1 млрд. теңге көзделген.

Бұдан басқа, республикалық бюджетте жобасында 2014 жылы 6 негізгі бағыт бойынша 23 ғылыми-қолданбалы зерттеуді аяқтауға 1,0 млрд. теңге және 2014 – 2016 жылдарға ғарыш аппараттары мен жүйелерін сақтандыру үшін жыл сайын 4,0 млрд. теңге көзделген.

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылғы бюджет шығыстарының төмендеуі 2013 жылы «KazSat-3» жерсерігін құру

жөніндегі жобаның аяқталуына байланысты *(жобаны іске асыру кезеңі – 2010-2013 ж. жобаның жалпы құны – 27,0 млрд.теңге, 2013 жылға дейін РБ-дан 19,0 млрд.теңге бөлінді. 2013 жылға арналған РБ 8,0 млрд.теңге көзделді).*

Сондай-ақ, бюджет жобасында мынадай шығыстар:

- ұлттық инновациялық жүйені дамыту, инновациялық белсенділікті ынталандыру, инновациялық гранттар беру мақсатында **инновациялық дамуға** жыл сайын 5,4 млрд. теңге көзделген;

- «ИНВЕСТОР - 2020» бағыты шеңберінде **индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды** дамытуға жалпы 2014 – 2016 жылдары 57,8 млрд. теңге көзделген, бұлар «Павлодар», «Инновациялық технологиялар паркі», «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақтары мен Алматы және Қарағанды қалаларында индустриялық аймақты дамытуға бағытталады;

- қазақстандық тауарлар экспортын ілгерілетуге және инвестицияларды тартуға жәрдемдесу үшін жыл сайын орташа 1,2 млрд. теңге қарастырылған;

- **геологиялық-барлау жұмыстарына** 3 жылға өңірлік және геологиялық түсіру, іздеу, іздеу-бағалау жұмыстарын іске асыру үшін 26 млрд. теңге мөлшерінде қаражат көзделген, оның ішінде 2013 жылмен салыстырғанда 4,2 млрд. теңгеге өсумен 2014 жылы 7,6 млрд. теңге көзделіп отыр;

- 2014 – 2016 жылдары жалпы өңірлерде **электр және жылу энергетикалық инфрақұрылымын** дамытуға 143,1 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы 55,4 млрд. теңге көзделген. Осы шығыстар жұмыс істеп тұрған генерациялайтын қуаттарды, электр және жылу желілері объектілерін жаңғырту, реконструкциялауға

және жаңаларын салуға бағытталады. Негізінен бұл Астаны, Алматы қалаларының, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының ірі жобалары, сондай-ақ Астана агломерациясының ауылдарын электрмен жабдықтау жобалары.

- Үкімет елдің ауылдық елді мекендерін газдандыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға ерекше көңіл бөледі және іске асырылатын инвестициялық жобалардың өсу серпінін жыл сайын бағалайды. 3 жылдық бюджетте елді мекендерді **магистральдық газбен жабдықтау** үшін 47,6 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы 15,3 млрд. теңге бөлу жоспарланған, бұл алдағы үш жылда 11 жалғасатын және 18 жаңа жобаны іске асыруға мүмкіндік береді немесе бұл республика бойынша 1 450 км газ құбыры.

- Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған 2012 жылғы 27 қаңтардағы №261 Жолдауын іске асыру мақсатында қалған 11 өңірде ҚР автокөлікті тіркеу және жүргізуші куәлігін беру бойынша Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарын салуға 2014 – 2016 жылдары жергілікті бюджеттен 30 % мөлшерінде қоса қаржыландыру шартымен 6,3 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы 2,4 млрд. теңге көзделген;

- барлық халықтың 95% цифрлық эфирлық телерадио хабарларын таратумен қамту мақсатында Қазақстан Республикасында цифрлық теледидарды дамытуға 2014 – 2016 жылдары 36 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы 12,4 млрд. теңге қарастырылған.

EXPO-2017

EXPO – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізуге жалпы 2014 – 2016 жылдары алдын

ала 187,3 млрд. теңге көзделді, оның ішінде **2014 жылы 49,3 млрд. теңге**, оның ішінде:

«Астана ЭКСПО-2017» ҰҚ» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға жалпы 2014 – 2016 жылдары 141,7 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы Ұлттық Қордан нысаналы трансферт қаражаты есебінен 35, 5 млрд. теңге көзделген;

EXPO – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу бойынша ағымдағы шығыстарға үшжылдық кезеңге 45,6 млрд. теңге, оның ішінде 2014 жылы 13,8 млрд.теңге көзделген.

Бұл ретте жобаның құны EXPO – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін Астана қ. ресми мойындағаннан және ТЭН әзірлегеннен кейін нақтыланатын болады.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту арқылы **инфрақұрылымдық жобалар қорын қалыптастыруға** 2014 жылы 20 млрд. теңге, оның ішінде Ұлттық Қордың нысаналы трансфертінен 10 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінеді. Бұл, Қор қаржы тәуекелдерін бөлу арқылы мемлекеттік – жеке меншік әріптестік негізінде инфрақұрылымды салу және дамыту жобаларына инвестициялар тарту мақсатында құрылады.

Экономика салаларында инфрақұрылымды айқындайтын және әлеуметтік маңызы бар қор инвестициялайтын басым жобалар: энергетика, көлік, қалалық инфрақұрылым мен тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, денсаулық сақтау және білім беру, тұрғын үй құрылысы, сондай-ақ туризм және спорт салалары.

Қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік

Құрметті депутаттар, республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде қорғаныс қабілеттілігін, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ішкі тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті сақтауға ерекше назар бөлінді.

2014 – 2016 жылдары қорғанысқа, төтенше жағдайлардың алдын алуға, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар қызметтерін қамтамасыз етуге **2 891,6 млрд.теңге**, оның ішінде 2014 жылы **972,8 млрд. теңге** сомасында шығыстар көзделген, 2013 жылдың деңгейіне қарағанда 66,5 млрд. теңгеге өсті немесе 9% көп. Оның ішінде, өсудің негізгі үлесі – 54,7 млрд.теңге (65,5 %) қорғаныс пен төтенше жағдайлардың алдын алу шығыстарының ұлғаюына байланысты.

Осылайша, 2014 жылы қорғанысты қамтамасыз етуге 2013 жылғы деңгейге қарағанда 43 млрд.теңгеге немесе 13%-ға өсумен **377 млрд. теңге** шамасында (*Жалпы ішкі өнімге 0,98%*) бағыттау жоспарланып отыр, бұл негізінен Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне арналған заманауи қару-жарақтар мен әскери техника түрлерін жаңғыртуға және сатып алуға, объектілер құрылысына, жаңа жұмыс орындарын құру үшін қорғаныс өнеркәсібін дамытуға және тағы да басқа шығыстардың ұлғаюына байланысты.

Халықты және экономика объектілерін төтенше жағдайлардан қорғау және алдын алудың тиімді инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін 2014 жылы ағымдағы жылғы деңгейге қарағанда 10,9 млрд.теңгеге ұлғаюмен **86 млрд.теңге** бағыттау жоспарланып отыр.

Қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету үшін құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар шығыстарына үшжылдық жоспарлы кезеңде 1 456,4 млрд.теңге, оның ішінде 2014 жылы 503,6 млрд.теңге көзделген, бұл ағымдағы жылғы деңгейден 28,8 млрд.теңгеге артық *(жалпы сипаттағы трансферрттер көлемінде есепке алынатын ағымдағы нысаналы трансферттерсіз)*.

Аталған қаражат шеңберінде Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес тапсырмаларды орындау үшін құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту, терроризм қаупі мен діни экстремизм көріністерімен күресті күшейту бойынша шараларды қамтамасыз етуге **Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014 – 2020 жылдарға арналған және Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды** іске асыру жоспарланып отыр.

Аталған бағдарламалық құжаттардың іске асырылуына 2014 – 2016 жылдары 72,5 млрд.теңге, оның ішінде Діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға шамамен 40 млрд.теңге және құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту бағдарламасына 32,5 млрд.теңге бағытталатын болады.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заң жобасына Парламент Мәжілісі депутаттарының бір тобы ұсынған түзетулерге сәйкес Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы жобасының шеңберінде ішкі істер органдары қызметкерлері және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктерін күшейтуге, оның ішінде ішкі

істер органдарының арнайы мақсаттағы бөлімшелері мен жедел-тергеу қызметтері қызметкерлеріне тұрғын үйді жалдағаны үшін өтемақы, көтерме жәрдемақы төлеуге және ел аумағында көлікпен жол жүру, сондай-ақ басшылық құрамаға ротация бойынша қызметтік орын ауыстыру кезінде мүлікті тасымалдау шығындарын өтеуге үшжылдық бюджетте шамамен **19 млрд.теңге** немесе жыл сайын 6,3 млрд.теңге көзделгенін жеке атап өткім келеді.

Республикалық бюджет жобасының негізгі шығыстарының бағыттары осылар. 2014 – 2016 жылдарға арналған шығыстар болжамы үшжылдық кезеңде жалпы ішкі өнімге қатысты **бюджет тапшылығының** 2014 жылы 2,4%-дан 2016 жылы 1,9%-ға дейін төмендеуін ескере отырып қалыптастырылғанын атап өтемін.

Құрметті депутаттар!

Сіздердің қарауларыңызға ұсынылған республикалық бюджет туралы заң жобасы, менің баяндамамда айтылғандай, елдің стратегиялық құжаттарын іске асыруға бағытталған және Мемлекет басшысының Жолдауларында берілген барлық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Орта мерзімді бюджеттік жоспарлау шеңберінде келесі жылдың бюджеті теңгерімделген және ұтымды болып көрінеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау кезінде Парламент палаталарының қаулылары, "Нұр-Отан" ХДП-ның бюджет қаражатын жұмсау мәселелеріне қатысты ұсынымдары, Үкіметтің 2012 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне Есеп комитеті берген тұжырымдар мен ұсынымдар, сондай-ақ Есеп комитетінің қаулылары, Қаржылық бақылау комитетінің

тексерулер мен бақылау актілері қорытындылары бойынша, Бас прокуратураның ұйғарымдары ескерілді.

Құрметті депутаттар!

Біз жұмыс топтарының және комитеттерінің кейінгі отырыстарында бюджет жобасы бойынша барлық қажет ақпаратты толықтай қамтамасыз ететін боламыз.

Сындарлы талқылау және Сіздерден қолдау болады деген сенімдемін.

Назарларыңызға рахмет!